

Өзін-өзі

тану



Сабақ тақырыбы:

*Мейірімге толы  
жүрек*

# Мақсаты



## *Білімділік:*

*Оқушылардың мейірімділік, қайырымдылық туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды мейірімді болуға, қайырымдылық көрсетуге дағдыландыру.*

## *Дамытушылық:*

*Мейірімділікті білу іскерлігін дамыту.*

## *Тәрбиелік:*

*Қамқорлық жасауға жетелеу, мейірімділікке тәрбиелеу.*



**«Өзін-өзі тану» курсы адамға өзін-өзі анықтауға, жақсы қасиеттерін ашуға, өзіне адалдыққа, өзінің абыройын сақтай отырып үнемі Адам, осы сөздің толық мағынасында, болып қалуға көмектеседі.**


**Сара Алпысқызы Назарбаева**



# *Үй тапсырмасы*



Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ –  
Бес дұшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой –  
Бес асыл іс көнсеңіз.



## **Абай Құнанбаев**

**Абайдың қара  
сөздері.**

**Он төртінші сөз.**

**Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені - батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар - жүрек ісі.**

Сергіту

Қане, сапты түзейік,  
Тіземізді бүгейік.

Ыршып алға түсейік,  
Ыршып артқа түсейік.

Көбелекше ұшамыз,  
Отырамыз, тұрамыз.  
Сергітуге мың алғыс!



**Жаңа сабақ**

*Мейірімділік –  
асыл қасиет*

# Мен апамның ай мен күні



*Апам мені: “Айым” – дейді,  
Мен мұңайсам, уайым жсейді.  
Апам мені: “Күнім” – дейді,  
Мен қуансам күлімдейді.*



*Ойланайық,  
пікірлесейік*

*Мейірімділікті қалай көрсетуге  
болады?*

*Өздеріңе мейірімділік көрсеткен кезде  
қандай сезімге бөлендіңдер?*

# Сары тауық пен балапандары



# Ой толғаньыс



- *Сары тауық өз балапандарын қандай жақсы қасиеттерге баулыды?*
- *“Күн ашылып, ана жүрегіндей жадырады” дегенді қалай түсінесіңдер?*
- *Ал сендер мейірімділікті, қайырымдылықты кімдерден үйреніп жүрсіңдер?*






*Күн нұрындай көңілім,  
Даламдай кең пейілім.  
Жүрегім толы мейірім,  
Бәріне ортақ шуағым,  
Мен мейірімді баламын!*





## *“Мейірімділік” кестесі*



<i>Мейірімді істер</i>	<i>Мейірімді адамның қасиеттері</i>















# *Дәйексөз*

*Мейрімділікті анадан үйрен*


*Халық даналығы*

**AHA**





*Адамдар бір-біріне жылы сезімін  
білдіріп, тек жақсылық ойлау,  
игілік жасау арқылы  
мейірімділік таныта алады.*





# *Ана туралы жыр*





## **Ардақты ана**

**Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым,  
Тәтті ұйқыңды бөліп талай түн қаттың.  
Өміріме нәрін берді ақ сүтің,  
Кең құшағың – аясындай гүл бақтың.**

**Мен өзіңмен қайда болсам біргемін,  
Махаббатың жүрегімде жүр менің.  
Күн нұрындай – жадырай бір күлгенің,  
Қандай жақсы ортамызда жүргенің!**




## *Шығармашылық жұмыс*

*... суға батпас, бір шығар, тегін жатпас.*

*... - жүректен, мейірімсіздік - білектен.*

*... арба жол бұзар, ... адам ел бұзар.*

*... ағаш басында, ... аяқ астында.*






## *Шығармашылық жұмыс*

*Жақсылық суға батпас, бір шығар, тегін жатпас.*

*Мейірімділік - жүректен, мейірімсіздік - білектен.*

*Жаман арба жол бұзар, жаман адам ел бұзар.*

*Жақсылық ағаш басында, жамандық аяқ астында.*





*Үйге тапсырма:*

*Мейрімділік жайлы*

*мақал-мәтелдер жазып келіңдер.*





*Назарларыңызга рахмет!*